

«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы –
«BVC Invest» АҚ
акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының
10.03.2016 жылғы №01 хаттамасымен
«Бекітілді»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАҢДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2016 ж. 30. 11 заңды
тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
№ 56185-1010 А0 Бұйрық

Алғашқы тіркелген күні 2002 ж. 18. 06
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА
произведена государственная перерегистрация
юридического лица 30. 11 2016 г.
свидетельство № 56185-1010 А0
Дата первичной регистрации 18. 06 2002
БСН/БИН 030840007360

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАҢДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТтарына өзгертулер мен
толықтырулар енгізілген
№ 1543 БҰЙРЫҒЫ
2016 ж. 22 04
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА
Внесены изменения и дополнения
в учредительные документы
ПРИКАЗ № 1543
22. 04 2016

“Банк ЦентрКредит” АҚ
еншілес ұйымы –
«BVC Invest»
Акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы, 2016 ж.

СМОТРИТЕ
НА ОБОРОТЕ

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғы акционерлік қоғам заңды-ұйымдық нысанында құрылған, бұдан әрі “Қоғам” деп аталатын, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы төменде көрсетілген заңды тұлға – коммерциялық ұйымның құқықтық мәртебесін белгілеп, қызметін реттейді.

1.2. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілдегі:

• толық атауы - *“Банк ЦентрКредит” АҚ еншілес ұйымы - «BCC Invest» Акционерлік қоғамы»;*

қысқартылған атауы - *«BCC Invest» АҚ;*

орыс тілінде:

• толық атауы - *Акционерное общество «BCC Invest» - дочерняя организация АО «Банк ЦентрКредит»;*

• *қысқартылған атауы – АО «BCC Invest».*

1.3. Қоғамның атқарушы органы орналасқан жер: Қазақстан Республикасы, 050022, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 100.

1.4. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

1.5. Қоғам Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен орнатылған санатқа жататын жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыруға қаржы тарту мақсатында акция шығаратын заңды тұлға болып табылады.

2.2. Қоғам өзінің акционерлерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлікке ие болады. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелеріне жауапты емес.

2.3. Қоғам өз міндеттемелері үшін өз мүлкінің шегінде жауап береді.

2.4. Қоғамның акционері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан өзге, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметіне қатысты шығындар тәуекелін көтереді.

2.5. Қоғам облигациялар мен бағалы қағаздардың басқа да түрлерін шығаруға құқылы.

3-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

3.1. Қоғам қызметінің мақсаты – таза табыс табу және оны акционерлерінің мүддесіне жарату.

3.2. Қоғам осы мақсатқа жету үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін кез келген қызмет түрлерімен айналыса алады.

Міндетті түрде лицензиялауға жататын іс-әрекет түрлерімен Қоғам тек лицензиясы болған жағдайда ғана айналыса алады.

4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

4.1. Қоғам қарапайым акцияларды немесе қарапайым және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

4.2. Акция бөлінбейді. Егер акцияны жеке меншік құқығында бірнеше тұлға иеленетін болса, олардың бәрі бір акционер болып танылады және өздерінің ортақ өкілі арқылы акциямен куәландырылатын құқықтарға ие болады.

4.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге орнатылмаса, акциялардың бір түрі оны иеленетін әрбір акционерге осы түрдегі акциялардың басқа иелерімен тең құқықтар көлемін береді.

4.4. Қоғам бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында бекітілген басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

4.4.1. Қоғам айырбастауға болатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

4.4.2. Қоғам Қоғамның жарияланған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырмашылық мөлшерінде акцияларға айырбастауға болатын бағалы қағаздарды шығара алады.

4.4.3. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібі айырбастауға болатын бағалы қағаздарды шығару аңдатпасында белгіленеді.

4.5. Акциялардың түрлері

4.5.1. Қарапайым акция акционерлердің жалпы жиналысында акционерге дауысқа салынған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен, Қоғамға таза табыс түскен жағдайда дивиденд алуға, Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілгендей Қоғам таратылатын болса, Қоғамның ортақ мүлкінен үлес алуға құқық береді.

4.5.2. Қоғамның Жарғысына сай артықшылықты акциялардың иелері қарапайым акциялардың иелеріне қарағанда алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивиденд алуға, Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпке сай Қоғамның ортақ мүлкінен үлес алуға берілген құқықтарды пайдалануда басымдыққа ие болады.

4.5.3. Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы керек.

4.5.4. Осы Жарғының 4.5.5.-тармағында бекітілген жағдайлардан өзге, артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

4.5.5. Егер:

1) артықшылықты акция иелерінің құқығын Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шектейтін болса. Орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі (өтеуін төлеп алынғандарының шегерілуімен) шектеуді жақтап дауыс берген жағдайда ғана, мұндай мәселе бойынша шешім қабылданған болып есептеледі.

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта артықшылықты акциялардың өтеуін төлеп алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне (құрылтай жиналыспен бекітілмеген жағдайда – әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қараса;

3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату мәселелерін қарайтын болса;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайлардан өзге, егер артықшылықты акция бойынша төленуге тиісті дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталатын күннен кейінгі үш ай мерзімінде толық көлемде төленбесе, артықшылықты акциялар акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді.

4.5.6. Осы жарғының 4.5.5.-тармағының 4)-тармақшасында көзделген жағдайда акционер - артықшылықты акциялардың меншік иесінің қоғамды басқару құқығы оның меншігіндегі артықшылықты акция бойынша дивидендті толық көлемде төлеген күннен бастап тоқтайды.

4.6. Қоғамның бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алу құқығы

4.6.1. Егер Қоғам жария етілген акцияларын немесе қоғамның қарапайым акцияларына айырбастауға болатын басқа бағалы қағаздарын, сонымен қатар ертеректе сатылып алынған бағалы қағаздарды сатпақ болса, бағалы қағаздарды орналастырмақ (сатпақ) болса, ол жайында шешім қабылданған күннен бастап он күннің ішінде өзінің акционерлеріне жазбаша түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (іске асыру) туралы шешім қабылдаған уәкілетті орган белгілеген орналастыру (іске асыру) бағасымен олардың қолдарындағы акцияларға пропорционалды түрде сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер қоғамның өз акцияларын орналастыратыны (іске асыратыны) туралы хабарлаған күннен бастап отыз күннің ішінде қоғамның акцияларын немесе акцияларға айырбастауға болатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылық құқықпен сатып алуға өтініш беруі керек.

Бұл ретте, қоғамның қарапайым акцияларын иеленетін акционер қарапайым акцияларды немесе акцияларға айырбастауға болатын басқа бағалы қағаздарды ерекше артықшылықпен сатып алуға, ал қоғамның артықшылықты акцияларын иеленетін акционер артықшылықты акцияларды артықшылықпен сатып алуға құқылы.

4.6.2. Артықшылықты сатып алу құқығымен сатып алынатын қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын акциялар немесе басқа бағалы қағаздар үшін төлем акцияларды орналастыруды бастау күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күн ішінде акционермен жүзеге асырылады.

4.6.3. Жарияланған акцияларды орналастыру, сондай-ақ бұрын өтеуін төлеп алынған акцияларды іске асыру жағдайында, Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған пруденциалды және өзге нормалар мен шектеулерді орындау мақсатында уәкілетті органның талабы бойынша акцияларды орналастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде жазбаша хабарландыру немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы өз акционерлеріне бағалы қағаздарды тең шарттарда, бағалы қағаздарды орналастыру (іске асыру) туралы шешім қабылдаған қоғамның органымен орнатылған орналастыру (іске асыру) бағасымен, иеліктеріндегі акциялар санына пропорционал сатып алуды ұсынуға міндетті. Қоғам акцияларды орналастыру (іске асыру) туралы хабарлаған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде акционер қоғамның акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе өзге бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алу құқығымен сатып алуға өтінім беруге құқылы. Бұл жағдайда акциялар үшін төлем акцияларды сатып алу туралы өтінім ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде акционермен жүргізіледі. Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын акциялар немесе өзге бағалы қағаздар үшін төлем жүргізілмеген жағдайда, көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін өтінім жарамсыз саналады.

4.6.4. Қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алу құқығын уәкілетті органдар белгілейді.

4.7. Қоғамның акцияларын орналастыру

4.7.1. Қоғам өзінің акцияларын жарияланған акциялар санының шегінде бір немесе бірнеше орналастырым арқылы шығарылған акциялар мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін орналастыруға құқылы.

Жария етілген акциялар санына сәйкес Қоғамның акцияларын орналастыру туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

Акцияларды орналастыру акционерлердің қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алу құқығын іске асыру, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жүргізілетін жазылу немесе аукцион немесе ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүргізілетін жазылу немес аукцион арқылы, сондай-ақ осы Заңмен немесе Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды және (немесе) ақшалай міндеттемелерді қоғамның акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.

4.7.2. Өзіне акция немесе қоғамның жай акцияларына айырбастауға болатын басқа да бағалы қағаздарды алуға өтініш беруге белгіленген отыз күн ішінде акционер акцияны немесе қоғамның жай акциясына айырбастауға болатын басқа да бағалы қағаздарды иеліктен шығарған жағдайда, егер бұрынғы иесі мұндай өтініш бермесе, артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес мұндай құқық акцияның немесе қоғамның қарапайым акциясына айырбастауға болатын басқа да бағалы қағаздарының жаңа иесіне көшеді.

4.7.3. Жазылу арқылы Қоғаммен орналастырылатын акциялар, акцияларды артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес сатып алатын акционерлерден өзге, осындай орналастыру аясында акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін баға бағамен сатылуға тиіс.

Акционерлер акцияларды қоғамның осы акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған органы белгілеген бірдей орналастыру бағасымен артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес сатып алады.

4.7.4. Қоғамның осы акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған органы белгілеген бірдей орналастыру бағасы осы акцияларды сатуға болатын ең төмен баға болып табылады.

4.7.5. Директорлар кеңесі артықшылықты сатып алу құқығын іске асыру аясында акционерлерге ұсынылған бағаны төмендету және (немесе) орналастырылатын акциялар санын арттыру арқылы жарияланған акцияларды орналастыру туралы бұрын қабылданған шешімнің шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдаған жағдайда, қоғам акционерлерге осы акцияларды артықшылықты сатып алу құқығын қайта ұсынады.

4.8. Қоғамның орналастырылатын акциялары үшін төлем жүргізу

4.8.1. Қоғамның акцияларын орналастыру кезінде олар үшін төлем жүргізу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшамен жүргізіледі.

4.8.2. Қоғамның өзінің жарияланған акцияларын оларды бастапқы бағалы қағаздар нарығына орналастыру кезінде сатып алуына жол берілмейді.

5-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Қоғамның акционерлері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның жарғысында көзделген тәртіпте Қоғамды басқару;

2) дивидендтер алу;

3) Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу;

4) тіркеушіден немесе акцияны номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға иелігін растайтын анықтамалар алу;

5) Қоғамның жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді ұсыну;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот арқылы шағымдану;

7) жеке дара немесе басқа акционерлермен бірге қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан артық пайызын иеленген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда қоғамға келтірілген шығындарды қоғамның лауазымды тұлғаларының өтеуі туралы, және қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуды ұсыну) туралы шешім қабылдауларының нәтижесінде алған пайданы (табысты) қайтарулары туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгіну;

8) Қоғамның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және сұрау түскен күннен кейінгі отыз күн ішінде сұрауына тұжырымды жауап алу;

9) Қоғам таратылған жағдайда мүліктен өз үлесін алу;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайлардан өзге, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпке сай Қоғамның акцияларын немесе акцияларға айырбастауға болатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте акционерлердің жалпы жиналысының қоғамның акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысу.

5.2. Сонымен қатар ірі акционер мынадай құқықтарға ие:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуды немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақыртудан бас тартқан жағдайда, жиналысты шақырту туралы талап арызбен сотқа жүгіну;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді ұсыну.

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап ету;

4) өз есебінен Аудиторлық ұйымнан қоғам қызметіне аудит жүргізуді талап ету.

5.3. Қоғам акционерінің мынадай міндеттері бар:

1) акциялар үшін төлеу;

2) қоғамның акция ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізуге қажет мәліметтердің өзгергені туралы Қоғамды тіркеушіге және акциялардың номиналды ұстаушысына он күннің ішінде хабарлау;

3) Қоғам және оның қызметі туралы заңмен қорғалған қызметтік, коммерциялық немесе қандай да болмасын басқа ақпаратты жарияламау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндеттерді атқару.

6-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ТӨЛЕНЕТІН ДИВИДЕНДТЕР

6.1. Қоғамның артықшылықты акцияларына төленетін дивидендтерден өзге, дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданған жағдайда, Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге рұқсат етілмейді.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге тек акционердің жазбаша келісімімен және мұндай төлем қоғамның жарияланған акцияларымен немесе облигацияларымен жасалады деген шартпен ғана рұқсат етіледі.

Дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивиденд төлеу басталған күннің алдындағы күні құрастырылуы керек.

Дивиденді төленбеген акцияларды иеліктен шығару, егер акцияларды иеліктен шығару туралы шартта өзге көзделмесе, төленбеген дивидендті акциялардың жаңа иесі алады деген құқықпен жүзеге асырылады.

6.2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу мерзімі акцияларды шығару аңдатпасында айқындалады.

6.3. Қоғамның өзі сатып алмаған немесе орналастырмаған акциялар бойынша дивидендтер, сондай-ақ сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, дивиденд есептелмейді және төленбейді.

6.4. Қоғамның қарапайым және артықшылықты акцияларына дивиденд төлеуге жол берілмейтін жағдайлар:

1) меншікті капиталдың мөлшері кем немесе акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде қоғамның меншікті капиталының мөлшері кемісе;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оналту және банкротқа ұшырау туралы заңнамасына сәйкес төлемқабілетсіздік немесе қабілетсіздік белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса;

Акционер Қоғам берешегінің туындау мерзімінен тәуелсіз төленбеген дивидендтерін төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер белгіленген мерзімінде төленбеген жағдайда, ақшалай міндеттемелер оларды өтейтін күннен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесі бойынша акционерге негізгі сома мен ол бойынша есептелген өсімақыны төлеуге тиіс.

6.5. Қарапайым акциялар бойынша төленетін дивидендтер

6.5.1. Тоқсан немесе жарты жыл қорытындысы бойынша қарапайым акциялар үшін дивидендтерді төлеу сәйкес кезең үшін қоғамның қаржы есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана және акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Тоқсан немесе жарты жыл қорытындысы бойынша қарапайым акциялар үшін дивидендтерді төлеу туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде бір қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері көрсетілуі керек.

Жылдың қорытындысы бойынша қоғамның қарапайым акциялары үшін дивиденд төлеу туралы шешімді қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы осындай шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялағаннан кейін қарапайым акциялар бойынша дивидендтің төленбейтіні туралы шешім шығаруға құқылы.

6.5.2. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім шығарылғаннан кейін ол он жұмыс күн мерзімінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы керек.

6.5.3. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім төмендегі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін мерзім;
- 3) бір қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтерді төлеуді бастау күні;
- 5) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен нысаны.

6.6. Артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер

6.6.1. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Қоғам органының шешімін қажет етпейді.

6.6.2. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің көлемі осы кезеңде қарапайым акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің көлемінен кем бола алмайды.

6.6.3. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің толық төленуіне дейін оның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

6.6.4. Артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің кепілді мөлшері оның қандай да болмасын көрсеткішіне қатысты бекітілген түрде де, индекстелген түрде де маңызының қалыпты және қолжетімділік шартына қарай бекітілуі мүмкін.

6.6.5. Осы Жарғының 6.5.3.-тармақшасында аталған мәліметтерді көрсете отырып, Қоғам артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің төленетіні туралы және әрбір артықшылықты акцияға шағылған дивиденд мөлшері туралы дивиденд төленетін күннен кемінде бес жұмыс күні бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлама жариялауы керек.

7-БАП. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ

7.1. Қоғамның органдары

7.1.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – **Акционерлердің жалпы жиналысы;**
- 2) басқару органы – **Директорлар кеңесі;**
- 3) атқару органы – **Басқарма.**

8-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

8.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Қоғам жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізіп тұруға міндетті. Акционерлердің басқа жиналыстары кезектен тыс болып есептеледі.

8.2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және қоғамның бір қарапайым акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
- 3) акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне қатысты жүгінулері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің және қоғамның атқарушы органының мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен құрамы туралы қоғамның акционерлеріне хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

8.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылының аяқталуынан кейін бес ай ішінде жүргізілуі тиіс. Есептік кезең үшін Қоғамға аудит жүргізуді аяқтау мүмкінсіздігі жағдайында, көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

8.4. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті.

Төмендегі мәселелер акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу және оның жаңа нұсқасын бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ ол қабылданған жағдайда оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 4) Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялар түрін өзгерту немесе Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;

- 5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ өзгерту тәртібі мен шарттарын анықтау;
- 6) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешімдерді қабылдау;
- 7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау;
- 8) есептеу комиссиясының құзыреттілік мерзімін және сандық құрамын анықтау, олардың құзыреттілігін мерзімінен бұрын тоқтату және оның құрам мүшелерін сайлау;
- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, оның құзыреттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және оның құзыреттілігін мерзімінен бұрын тоқтатумен қатар Директорлар Кеңесі мүшелеріне сыйақы мөлшері мен оларды төлеу шарттарын анықтау;
- 10) Қоғам қызметіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір қарапайым акциясына жылдық қорытынды бойынша тиесілі дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 14) Осы Жарғыда және заңнамада көзделген жағдайлар орнаған кезде Қоғамның қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамның иелігіндегі активтерінің жиырма бес немесе одан да артық пайызын құрайтын сомадағы активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін табыстау (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы, немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарландыру нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру жөнінде шешім қабылдау;
- 17) Қоғам Заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта акцияды сатып алғанда, акциялардың құнын анықтау әдістемесін өзгерістерді (кұрылтай жиналыспен бекітілмесе – әдістемені бекіту) бекіту;
- 18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 20) «алтын акцияларды» енгізу және олардың күшін жою;
- 21) заңнамаға сәйкес тек акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау.

8.5. Шешім қабылдау тәртібі.

8.5.1. Осы Жарғының 8.4.-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелер бойынша шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзге белгіленбесе, Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

8.5.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге көзделмесе, шешімнің қабылдануы акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың құзыретіне беруге жол берілмейді.

8.5.3. Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімдерін акционерлердің жалпы жиналысы жоюға құқылы.

8.5.4. Егер Қоғамның барлық дауыс беруші акцияларын бір акционер иеленетін болса, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңнама мен Жарғы бойынша акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және, артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға залал тигізбейді және шектемейді деген талаппен жазбаша түрде ресімделеді.

8.5.5. Егер жалғыз акционер немесе қоғамның барлық дауыс беруші акцияларын иеленетін тұлға заңды тұлға болса, онда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және осындай заңды тұлғаның жарғысына сәйкес осындай шешім қабылдауға құқығы бар заңды тұлғаның органы, лауазымды тұлғалары немесе жұмыскерлері қабылдайды.

8.6. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі.

8.6.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақыртады.

8.6.2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы төмендегі тұлғалардың бастамасымен шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесі;
- 2) ірі акционер;

8.6.3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын Қоғам өз еркімен таратылатын жағдайда, Қоғамның тарату комиссиясы бұл жиналысты шақыра, дайындай және өткізе алады.

8.6.4. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді төмендегілер жүзеге асыра алады:

- 1) Басқарма;
- 2) онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;
- 3) Директорлар Кеңесі;
- 4) Қоғамды тарату комиссиясы.

8.6.5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған жағдайлардан өзге, акционерлердің жалпы жиналысын шақырту, дайындау мен өткізуге қажет шығындарды Қоғам өз мойнына алады;

8.6.6. Қоғамның органдары Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызына сәйкес шығарылған сот шешімінің негізінде акционерлердің жалпы жиналысы шақыртылып өткізіледі.

8.6.7. Қоғамның органдары Қоғамның ірі акционерінің кезектен тыс жалпы жиналысты шақырту туралы талабын орындамаған жағдайда, Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы ірі акционердің сотқа берген талап-арызы бойынша шығарылған сот шешімінің негізінде шақыртылып өткізіле алады.

8.7. Ірі акционердің бастамасымен шақыртылған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу тәртібінің ерекшеліктері

8.7.1. Ірі акционердің акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс шақырту туралы талап Қоғамның атқарушы органы орналасқан мекен-жайға директорлар кеңесінің атына осындай жиналыстың күн тәртібінің көрсетілуімен жазбаша хабарлама түрінде жолданады.

8.7.2. Қоғамның Директорлар кеңесі ірі акционердің талабымен шақыртылатын кезектен тыс жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелердің тұжырымдамасына өзгерістер енгізуге немесе оны өткізу тәртібін өгертуге құқылы емес.

Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту кезінде Директорлар кеңесі өз қарауы бойынша жалпы жиналыстың күн тәртібін кез келген мәселемен толықтыруға құқылы.

8.7.3. Егер акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ірі акционер (акционерлер) қоятын болса, онда осыдай жиналысты шақыруды талап ететін акционердің (акционерлердің) аты-жөні және оған(оларға) тиесілі акциялардың саны мен түрі көрсетілуі керек.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ететін тұлға (тұлғалар) қол қоюы керек.

8.7.4. Көрсетілген талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыратыны туралы шешім қабылдап, осындай шешім қабылдаған сәттен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей осындай талап қоюшы тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақырту немесе шақыртудан бас тарту туралы хабарлама жолдауға міндетті.

8.7.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешімі төмендегі жағдайларда қабылдануы мүмкін:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап қоюдың осы бапта белгіленген тәртібі бұзылса;

2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне қосуға ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе.

Қоғамның Директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртудан бас тарту туралы шешіміне қарсы сот арқылы шағымдануға болады.

8.7.6. Егер Заңнамамен белгіленген мерзім ішінде қоғамның Директорлар кеңесі берілген талап бойынша қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдаса, оны шақыртуды талап ететін тұлға қоғамды акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

8.8. Жалпы жиналыстың өткізілетін күні, уақыты және орны

8.8.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты сол жиналысқа қатысуға құқылы тұлғалардың неғұрлым көпшілігі қатыса алатындай етіліп белгіленуі керек.

8.8.2. Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы органның орналасқан мекен – жайында өткізілуі керек.

8.8.3. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу және жиналысты бастау уақыты Қоғамның есептік комиссиясына қатысушыларды тіркеуге, жиналысқа қатысушылардың санын есептеп шығаруға және кворумның қалыптасқанын анықтауға жеткілікті уақытпен қамтамасыз етілгенін ескеруі керек.

8.9. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат

8.9.1. Өткізуге жобаланып отырған жалпы жиналыс туралы акционерлер («алтын акцияның» иесі) жиналыстан отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс берілетін болса – жиналыстан қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабардар етілуі тиіс.

8.9.2. Акционерлердің жалпы жиналысы туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға немесе оларға жолдануы тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспайтын болса, хабарландыру акционерлердің назарына олардың әрқайсысына жазбаша түрде хабарлама жіберу арқылы жеткізіледі.

8.9.3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама мынадай ақпараттарды қамтуы керек:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен мекен-жайы ;

2) жиналысты шақыртуды бастамалаған тұлға туралы мәлімет;

3) егер бірінші шақыртылған жиналыс өтпей қалған болса, Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысын қайта шақырту керек болған жағдайда жиналысты өткізу күні, уақыты және орыны анық көрсетілуі керек;

4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін құрастыру күні;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Қоғам акционерлерінің акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібімен танысу реті.

8.9.4. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында қоғамның тіркеушісіне жүгінуге құқылы.

Миноритарлық акционердің жүгіну және қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.

8.10. Акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысы

8.10.1. Қайта шақырылған акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің бастапқы (өтпей қалған) жалпы жиналысынан кейін тек келесі күнге белгіленіп өткізілуі мүмкін.

8.10.2. Акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысы өтпей қалған акционерлердің жалпы жиналысы өткізілуі тиіс болған жерде өткізілуі тиіс.

8.10.3. Акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгешеленбеуі тиіс.

8.11. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі

8.11.1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі қалыптастырады және ол талқылауға ұсынылатын сұрақтардың нақты қалыптастырылған мәселелердің толық тізбесінен тұруы тиіс.

Жалпы жиналысты өткізетін күннен кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын немесе осы жарғының 8.11.4-тармағында белгіленген тәртіппен осындай толықтырулар туралы қоғамның акционерлеріне хабарланды деген шартпен ірі акционер немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтыру енгізуге құқылы.

8.11.2. Акционерлердің жалпы жиналысын ашық тәртіпте өткізілген жағдайда, Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту туралы түскен ұсыныстарды жалпыға хабарлауға міндетті.

8.11.3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысты өкілденген қоғам акцияларының жалпы санынан көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

8.11.4. Қоғамның жиналысқа қатысып отырған және қоғамның дауыс беруші акцияларының тоқсан бес пайызынан кем емес бөлігін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілуі үшін дауыс берсе, күн тәртібіне өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізіле алады.

Егер орналастырылған (сатып алынғаннан басқа) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі дауыс берсе, артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің құқықтарын шектейтін шешім қабылдануы мүмкін мәселемен күн тәртібіне толықтыру енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

8.11.5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастырып және сол бойынша шешім қабылдауына құқығы жоқ.

8.11.6. Күн тәртібін тұжырымдаған кезде «әр түрлі», «өзге», «басқа» және соған ұқсас кең мағыналы тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

8.12. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі

8.12.1. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінің деректерінің негізінде акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін Қоғамды тіркеу құрастырады. Көрсетілген тізімді құрастыру күні жалпы жиналыс өткізу туралы қабылданған шешім күнінен ерте болмауы тиіс.

8.12.2. Акционерлердің тізімінде болуы тиіс мәліметтер уәкілетті органмен анықталады.

8.12.3. Егер тізім құрастырылғаннан кейін акционерлер тізіміне енгізілген, жиналысқа қатысуға құқылы тұлға Қоғамның өзіне тиесілі акцияларын иелігінен шығарған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңадан кірген акционерге ауысады. Бұл жағдайда жаңа акционер акцияларға иелік құқығын айғақтайтын құжаттарды көрсетуі керек.

8.13. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы

8.13.1. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқылы, акционерлердің тізіміне енгізілген, қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан артық пайызын иеленетін акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне қатысты мәселелерді қарастыруға және шешім қабылдауға құқылы.

8.13.2. Өтпей қалған акционерлердің жалпы жиналысының орнына қайта шақырылған жалпы жиналыс мынадай жағдайда күн тәртібіне қатысты мәселелерді қарастырып және ол бойынша шешім қабылдай алады:

1) егер кворумның жоқтығынан өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақырту тәртібі сақталған болса;

2) сырттай дауыс беретін акционерлерді қосқанда, Қоғамның дауыс беруші акцияларының жиыны қырық және одан артық пайызына ие болған акционерлер (немесе олардың өкілдері) жиналысқа тіркеу жұмыстары аяқталған сәтте тіркелген болса;

8.13.3. Егер акционерлерге сырттай дауыс беретін бюллетеньдер таратылса, жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде бюллетеньдерде көрсетілген және соның

нәтижесінде дауыс көпшілігіне қол жеткізген жағдайда дауыстар кворумды анықтап және сайлау қорытындысын шығарғанда есепке алынады

8.13.4. Егер акционерлердің жалпы жиналысында сырттай сайлау нәтижесінде кворум жиналмаған күнде акционерлердің жалпы жиналысы қайта шақырылмайды.

8.14. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

8.14.1. Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлерді (немесе олардың өкілдерін) толық тіркеуден өткізгеннен кейін басталады. Акционердің өкілі оның жиналысқа қатысуына және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құзыретін дәлелдейтін сенімхат тапсыруы керек.

8.14.2. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворум анықтағанда есепке алынбайды және дауыс беруге құқығы жоқ.

8.14.3. Артықшылықты акцияларға ие Қоғамның акционері ашық тәртіпте өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатыса алады және жиналыста қаралып жатқан мәселелерді талқылауға қатыса алады.

8.14.4. Акционерлердің жалпы жиналысы белгіленген уақытта және кворум болған жағдайда ашылады.

8.14.5. Акционерлердің жалпы жиналысын акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелген, хабардар етілген және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайда ғана, акционерлердің жалпы жиналысы бұрын белгіленген уақыттан ерте ашыла алады.

8.14.6. Акционерлердің жалпы жиналысы жиналыстың төрағасын және жалпы жиналыстың хатшысын тағайындайды.

8.14.7. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын - ашық немесе құпия түрін (бюллетеньдер бойынша) анықтайды. Жиналыс төрағасын және жалпы жиналыс хатшысын сайлағанда әрбір акционер бір ғана дауысқа ие болады, ал шешім жиналысқа қатысушылар санының көпшілігімен қабылданады.

8.14.8. Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыс төрағасы талқыланып жатқан мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сонымен қатар сол мәселе бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

8.14.9. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмыстарын тоқтату туралы шешім қабылдауға, жұмыс барысының ұзартылуына, сонымен қатар кейбір сұрақтарды акционерлер жиналысының келесі күнгі күн тәртібіне ауыстыруға құқылы.

8.14.10. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілген мәселелердің бәрін түгел қарастырып және сол бойынша шешім қабылдаған жағдайда ғана жабық деп жарияланады.

8.14.11. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жиналыс хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен шынайылығына жауап береді.

8.15. Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылдау

8.15.1. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы да шешімдер қабылдана береді. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлермен қоса сырттай дауыс беру арқылы да (аралас дауыс) немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ жүзеге асыруға болады.

8.15.2. Сырттай дауыс берген жағдайда акционерлер тізіміне қосылғандарға бірыңғай үлгідегі сайлау бюллетеньдері таратылып беріледі.

8.15.3. Акционерлердің жалпы жиналысының сайлау нәтижесіне ықпал ету мақсатында Қоғам жекелеген акционерлерге талғап бюллетень таратуға құқығы жоқ.

Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне қосылған тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде қырық бес күн бұрын жіберілуі тиіс.

8.15.4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар көрсетілуі керек:

- 1) Қоғамның толық атауы және атқарушы органның орналасқан мекен - жайы;
- 2) жиналыс шақыруды бастамалаған тұлға жөніндегі мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні;

- 4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізусіз сырттай дауыс беру қорытындысын шығару күні немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер күн тәртібінде директорлар кеңесіне мүшелерді сайлау мәселесі болса, ұсынылатын үміткерлердің аты-жөні,
- 7) дауысқа салынатын мәселелердің тұжырымдамасы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша берілетін «қолдаймын», «қарсымын», «ұстанам» деген дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша дауыс беру (бюллетень толтыру) ережелерін түсіндіру.

8.15.5. Сырттай дауыс беру бюллетеньдеріне жеке тұлға – акционердің жеке бас куәлігінің деректерінің көрсетілуімен оның қолы қойылуы керек;

8.15.6. Заңды тұлға болып табылатын акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетенінде заңды тұлғаның жеке қолтаңбасы қойылып, заңды тұлғаның мөрімен расталуы тиіс;

8.15.7. Жеке тұлға болып табылатын акционердің немесе заңды тұлға болып табылатын акционердің басшысының қолтаңбасы, сонымен қатар заңды тұлғаның мөрі басылмаған бюллетень жарамсыз болып табылады;

8.15.8. Дауыс санын есептеп шығарғанда бюллетеньде көрсетілген сұрақ нұсқаларының біреуіне ғана жауап берілсе, дауыс беру тәртібі сақталған бюллетеньдердің ғана саны есепке алынады.

8.15.9. Егер акционерлердің жалпы жиналысында директорлар кеңесіне мүше сайлау мәселесі кірсе, сырттай дауыс беру бюллетеньдерінде жеке үміткерлерге берілген дауыстарды есепке алу үшін орын (азат жол) қалдырылуы керек.

8.15.10. Егер сырттай дауыс беру бюллетенін жіберген акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, аралас дауыс беру әдісімен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түскен дауыстар санын есептегенде және акционерлердің жалпы жиналысының кворумын шығарғанда оның дауысы есепке алынбайды;

8.16. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру

8.16.1. Төмендегі жағдайлардан басқа акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасымен жүзеге асырылады;

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың максималды санын шектеу;

2) Директорлар Кеңесіне мүшелерді сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір акционерге акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыс құқығын беру;

8.16.2. Кумулятивті дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстар директорлар кеңесіне ұсынылған бір үміткерге берілуі мүмкін немесе директорлар кеңесіне ұсынылған бірнеше үміткерлерге бөлініп берілуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланған болып ең көп дауыс санына ие болған үміткер есептеледі.

8.16.3. Егерде акционерлердің бетпе-бет түрде өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын түрде жүргізілсе, дауыс берудің мұндай түріне арналған бюллетеньдер дауыс беру құпия жолмен жүргізілетін әрбір жеке мәселе бойынша құрастырылулары тиіс. Бұл ретте, бетпе-бет жасырын дауыс беру бюллетенінде мыналар қамтылуы керек:

1) жиналыстың күн тәртібінде мәселенің тұжырымдамасы немесе оның күн тәртібіндегі реттік саны;

2) Қоғам органына сайланатын әрбір үміткерге берілетін дауыс нұсқалары «қолдаймын», «қарсымын», «ұстанам» деген нұсқада берілуі керек;

3) акционерге тиесілі дауыс саны;

8.16.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қою мақсатында, акционер бюллетеньге өзінің қолтаңбасын қоюға ниет білдірген жағдайлардан өзге, бетпе-бет жасырын сайлау бюллетеньдеріне акционердің қолы қойылмайды;

8.16.5. Бетпе-бет жасырын дауыс беру барысында дауыс санын есептегенде тек дауыс беру ережелерін сақтаған және дауыс берудің бір ғана нұсқасын пайдаланған дауыс берушілердің бюллетеньдері есепке алынады.

8.17. Дауыс беру қорытындысының хаттамасы

8.17.1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде құрастырылуы және қол қойылуы тиіс.

8.17.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында өкілденген қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы саны туралы мәлімет;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиум) мен хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысында жарыссөзге қатысқан тұлғалардың сөзі;
- 9) акционерлердің жалпы жиналысында дауысқа салынған күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауысқа салынған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

Акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселені қарастырған кезде жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған жаңа мүшесінің қай акционердің өкілі және (немесе) Директорлар кеңесіне сайланғандардың қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

8.17.3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;
- 2) қоғамның акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызын иеленетін акционерлер қол қоюы керек.

8.17.4. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның хаттамаға қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның орнына өзіне берілген сенімхаттың негізінде оның өкілдері қол қояды.

8.17.5. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасымен бірге дауыс беру қорытындылары туралы хаттама, жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқық беретін сенімхаттар, қол қойылған хаттамалар, қол қоюдан бас тартқан тұлғалардың жазбаша түсініктемелері қоса тіркеледі. Аталған құжаттарды атқарушы орган сақтап және талап еткен акционерге танысу үшін кез келген уақытта берілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі акционердің талабы бойынша қолына тапсырылуы керек.

9-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

9.1. Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден өзге, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

9.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақырту туралы шешім қабылдау;
